

Банктік емес ұйымдардың 2008 жылғы 1 қаңтардағы ағымдағы жағдайы

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 35 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 12 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007	01.01.2008
1	Ипотекалық ұйымдар	10	12
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	16	23
	оның ішінде брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	1	4
	Барлығы	26	35


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жиынтық мөлшері алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 70,8%-ға өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 216 135,1 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдардың активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 75,1% (162 243,0 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 5,5% (11 787,1млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 5,4% (11 769,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 2,9% (6 350,2 млн. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және Динамика и структура совокупных активов ипотечных организаций	01.01.2007		01.01.2008		Өсім, %-бен
	млн. теңге	жиынтығында %-бен	млн. теңге	жиынтығында %-бен	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	683,1	0,3	в 5,9 раз
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	6 350,2	2,9	в 3,9 раз
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	11 769,6	5,4	-7,9
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	11 787,1	5,5	в 4,6 раз
«Кері РЕПО» операциясы	0	0	15 825,3	7,3	100
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	162 243,0	75,1	56,8
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	1 613,5	0,8	-41,4
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	2 107,9	1,0	в 2,1 раз
Басқа активтер	2 238,6	1,8	3 755,4	1,7	67,8
Барлығы активтер	126 554,3	100	216 135,1	100	70,8

01.01.07ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%-бен)



01.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың активтерінің құрылымы (%-бен)




Кредиттік портфель. Ағымдағы жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 72,7%-ға өсіп, 180 377,1 млн. теңге болды.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымының сапасын талдай отырып, стандартты кредиттердің үлесі ұлғайғаны байқалып тұр. Сонымен өткен жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша стандартты кредиттердің үлесі 93,8% келсе, 2008 жылғы 1 қаңтарда - 95,5% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі есептік күнге 3,9% болды, ол 2007 жылғы ұқсас кезеңдегі деңгейден - 2,1% төмен. Үмітсіз кредиттердің үлесі алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 40 базистік тармаққа ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 0,6% құрағанын атап өткен жөн.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.01.2008	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Несие портфелі барлығы	104 432,9	100	180 377,1	100
Стандартты	97 922,0	93,8	172 269,1	95,5
Күмәнді	6 317,0	6,0	7 110,9	3,9
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	2 744,7	1,5
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 496,3	0,8
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	1 660,1	0,9
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	557,4	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64,0	0,1	652,4	0,4
Үмітсіз	193,9	0,2	997,1	0,6

Ипотекалық ұйымдардың несие портфелінің динамикасы млрд.теңгемен




1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,0% құрады. Олардың ішінде «БТА Ипотека» АҚ - 39,2%, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 41,5%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» - 18,3%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 72 731,0 млн. теңгеге немесе 73,6%-ға ұлғайды және 2008


жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен салыстырғанда 171 567,7 млн.теңгені құрады. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (48,3%-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (36,1%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.01.08		Өсім, %-бен
	млн. теңге	%-бен жиынтығында	млн. теңге	%-бен жиынтығында	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	61 869,2	36,1	в 2,2 раза
Бағалы қағаздарман «РЕПО» операциялары	0	0	0	0	0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	82 947,7	48,3	22,7
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	1 302,8	0,8	65,3
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	25 448,0	14,8	в 10,2 раза
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	171 567,7	100	73,6

01.01.07ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%-бен)



01.01.08ж. жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымы (%-бен)



Кірістілік. 2008 жылғы 1 қаңтарда ипотекалық ұйымдар кіріс салығын төлегеннен кейін 3 913,8 млрд. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда (2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 2 344,5 млн. теңге) 66,9%-ға көп. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 27 147,5 млрд. теңге болды (2007 жылғы 1 қаңтарда – 15 475,0 млн. теңге), шығыстардың жиынтық мөлшері – 23 233,7 млн. теңге (2007 жылғы 1 қаңтарда – 13 130,5 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі млн.теңге	01.01.2007	01.01.2008	Өсім, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	12 357,6	21 159,5	71,2
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	7 180,5	12 402,9	72,7
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	3 117,4	5 988,0	92,1
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	5 950,0	10 830,8	82,0

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (72,2% немесе 19 587,7 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (30,8% немесе 7 149,4 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар ең көп орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2007 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 16 849,9 млн. теңгеге немесе 60,8%-ға өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 44 567,5 млн. теңгені құрады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдар

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 70,6%-ға ұлғайып, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1 177 904,8 млн. теңгені құрады.

Ұйымдардың активтерінің құрылымында үлкен үлес басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар – 46,3% (545 634,5 млн. теңге), ақша – 18,7% (219 916,9 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар – 16,4% (193 352,0 млн. теңге) құрайды. Басқа банктерде орналастырылған салымдар алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 40,5% ұлғайды, бағалы қағаздар 2,4%-ға азайды.

	млн. теңге				
Қаржы көрсеткіштері Финансовые показатели	01.01.2007	қорытындыда %-бен	01.01.2008	қорытындыда %-бен	Өсім, %-бен
Активтер, оның ішінде:	690 277,2	-	1 177 904,8	-	70,6
Ақша	50 801,4	7,3	219 916,9	18,7	в 4,3 раза
Салынған салымдар	17 480,4	2,5	24 551,7	2,1	40,5
Бағалы қағаздар	15 022,7	2,2	14 661,5	1,3	-2,4
Клиенттерге заемдар	78 127,6	11,3	193 352,0	16,4	в 2,5 раз
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	354 533,7	51,4	545 634,5	46,3	53,9
Дебиторлық берешек	85 354,2	12,4	56 869,7	4,8	-33,4
Басқа активтер	88 957,2	12,9	122 918,5	10,4	38,2
Міндеттемелер, оның ішінде	245 302,7	-	212 167,1	-	-13,5
Таргылған салымдар	577,7	0,2	610,3	0,3	5,6
Заемдар және қаржылық жалға алу	169 462,8	69,1	127 417,8	60,0	-24,8
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19 424,7	7,9	20 708,7	9,8	6,6
Кредиторлық берешек	31 361,7	12,8	41 606,4	19,6	32,7
Басқа міндеттемелер	24 475,8	10,0	21 823,9	10,3	-10,8
Меншікті капитал	444 974,5	-	965 737,7	-	в 2,2 раза
Жарғылық капитал	247 170,8	55,5	683 170,2	70,7	в 2,8 раз
Бөлінбеген таза кіріс (жабылмаған шығын)	187 680,5	42,2	274 552,1	28,4	46,3

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзге ұйымдардың жиынтық несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 95,8%, күмәнділердің - 1,6% және үмітсіздердің үлесі - 2,6% болды, ал 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 95,8%, күмәнділердің - 2,6%, үмітсіздердің үлесі - 1,6% болған.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың клиенттерге берген заемдары 2007 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,5 есеге өсіп, 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 193 352,0 млн. теңге болды.

Ағымдағы жылдың басында ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 13,5%-ға азайып, 212 167,1 млн. теңгені құрады. Ұйымдардың міндеттемелерінің құрылымында барынша көп үлесі заемдар мен қаржылық жалғауға келеді - 60,1% (127 417,8 млн. теңге).

2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық мөлшері алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 520 763,2 млн. теңгеге немесе 2,2 есе өсіп, 965 737,7 млн. теңгені құрады.

Ақпарат Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігімен әзірленген.